

**"Аз қамтамасыз етілген азаматтарға пәтер үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерді төлеуге тұрғын үй көмегін ұсыну ережелері туралы" Петропавл қалалық мәслихатының 2004 жылғы 14 шілдедегі кезектен тыс жетінші сессиясының N 6 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қалалық мәслихаттың 2007 жылғы 11 қазанда N 7 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Петропавл қаласының Әділет басқармасында 2007 жылғы 6 қарашада N 13-1-85 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы мәслихатының 2016 жылғы 18 қаңтардағы N 6 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы мәслихатының 18.01.2016 N 6 шешімімен (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" N 148 Заңының 6 бабына 1 тармағына сәйкес Петропавл қалалық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Петропавл қалалық мәслихатының 2004 жылғы 14 шілдедегі кезектен тыс жетінші сессиясының "Аз қамтамасыз етілген азаматтарға пәтер үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерді төлеуге тұрғын үй көмегін ұсыну ережелері туралы" N 6 шешіміне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

Аталған шешіммен бекітілген Аз қамтамасыз етілген азаматтарға пәтер үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерді төлеуге тұрғын үй көмегін ұсыну ережелерінде:

3 тармақтағы:

Бірінші абзацтағы "Петропавл қаласының тұрғындары үшін 15 % мөлшерінде , ал Терізауыты мен Заречный кенттерінің тұрғындары үшін 10 % мөлшерінде" сөздері "Петропавл қаласының тұрғындарын үшін 20 % мөлшерінде, ал Терізауыты мен Заречный кенттерінің тұрғындары үшін 15 % мөлшерінде" сөздерімен ауыстырылсын.

2. Осы шешім бұқаралық ақпарат құралдарында бірінші жарияланған күннен соң он күн өткеннен кейін қолданысқа енеді.

*Қалалық мәслихаты  
сессиясының төрағасы*

*Қалалық мәслихат  
хатшысы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК